



Балалар туризмі – болашаққа бағдар

ТЕГІСБАЙ М.Қ.
ОБЖТЖЭО-ның әдіскері,
Актау к., Мангистау обл.



Анданта

Бұл мақалада мектеп туризмін дамытудағы атқарылып жүрген шаралар жайында айтылады. Соңғы кезде бұл тақырып оте өзекті. Мектеп туризмін дамыту, жастардың саласатты өмір салтына деген көзқарасын өзгертіп, туризмнің белсенді турлері мен спортқа деген қызыгуышылығын арттырады.

Аннотация

В данной статье речь пойдет о предпринимаемых мерах по развитию школьного туризма. В последнее время эта тема очень актуальна. Развитие школьного туризма изменит отношение молодежи к здоровому образу жизни, повысит интерес к активным видам туризма и спорта.

Ключевые слова: туристік слеттер, балалар, жасөспірімдер, спорт, виртуалды экскурсия, тапқыр гид.

Балалар мен жасөспірімдер туризмі - жет-кіншек ұрпакты отаншылдық рухта тәрбиелеудің таптырмас құралы. Шын мәнісінде, мұғалімнің әңгімесі, бейнефильм немесе әдістемелік құралдар жанды саяхаттың орнын алмастыра алмайды.

Бүгінгі таңда, балалар - жасөспірімдер туризмі мен өлкетануды дамыту біздің мемлекетімізде өте өзекті мәселелердің бірі болып колға алынып отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының «Өз жерінді танып біл» бастамасында елімізде жаппай мектеп туризмін қайта жаңғырту жөнінде тапсырма берді. Мектеп туризмін қайта жаңғыртуда косымша білім беру ұйымдарына үлкен жүк арталып отыр.

2017-2018 оку жылында осы бағыттағы жұмыстарды жандандыру, Отанына және отбасына, қоршаған ортасына деген сүйіспеншілігін, адам бостандығы мен құқығын күрметтеу, еңбеккорлықка, азаматтыққа тәрбиелеу, мазмұнды демалыс ұйымдастыру, когамдағы өмірге бейімделу, балалар мен окушы жастардың шығармашылық еңбегі мен кәсіби өзін – өзі анықтау,

денсаулықты нығайту, тұлғалық дамуына кәжетті жағдай жасау мақсатында облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы ашылды. Орталық арқылы туризм бағытында республика, облыс деңгейлерінде окушылардың «Менің Отаным Казакстан», «Жас өлкетанушы», педагогтер арасында «Европа – Азия» туристік слеттері, туристік шатырлы лагерьлер мен саяхат, жорыктары ұйымдастырылуда.

Осы орайда жастардың туристік-спортық дайындығын дамыту және туристік көпсайысты насиҳаттау мақсатында, 2021 жылдың 28-29 казан күндері Тұпқараған ауданы, Форт - Шевченко қаласы, жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын мамандандырылған мектеп-интернаты базасында білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында 80-ге жуық катысушыны қамтыған «Жас өлкетанушылар» облыстық туристік слеті өткізілді.

Слеттің негізгі міндеттері:

- Изгі ниетті, ашық және көп мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеу;
- жастарды туған өлкенін тарихи, мәдени және рухани мұрасына, кіші Отанын зерттеуге тарту;

- білім алушылармен туристік-өлкетану жұмысының дәстүрлі формаларын сактау және жетілдіру, инновациялық формалары мен әдістерін дәріптеу;

- туристік-өлкетану бірлестіктерінде жинақтаған озық тәжірибелерін тарату;

- білім алушыларды іс-шараларға араластыру арқылы косымша білім беру жүйесіндегі камтылуын көтеруге жағдай жасау.

Ережеге сәйкес катысушылар «Көнілді туристер», «Тапқыр гид», «Шынықсан шымыр боларсын», «біріктірілген туризм» бөлімдері бойынша бақ сынасты.

«Көнілді туристер» бөлімі «Көнілді тапқырлар» таныстырылымы ретінде өтіп, «Тапқыр гид» номинациясында слетке катысушылар экранда көрсетілген ұяшыктарды тандау арқылы Манғыстаудың тарихи-мәдени орындарына виртуалды экскурсия жүргізсе, «Шынықсан шымыр боларсын» эстафеталық кезенінде командалар кедегілерден өту арқылы сайсты.

Слеттің негізгі бөлімі «біріктірілген туризм» кросс-жорық туристік маршруты аспалы өткел, параллель сүйеніштер, вертикалды маятник, көтерілу және түсү, алау, траверс, бурелом кезендері бойынша өткізіліп, командалар өздерінің туристік біліктіліктерін, белсененділіктерін практика жүзінде көрсете білді.

Күтілетін нәтиже:

- Туризмнің белсенді түрлері мен спортка деген қызығушылығын арттыру;

- Балалардың іздеу зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру;

- Жастарды туған өлкенін тарихын дәріптеуге тарту;

Жалпы айтканда білім алушыларды түрлі сайыстарға баулып, туризм және өз өлкесін тануға деген қызығушылықтарын арттыру болып табылады. Бар мейрімізді тек балаларға беріп, қызықты сайыстар мен демалыстар ұйымдастырайык! Дені сау, рухы мықты азамат – еліміздің болашағы. Болашағымыздың кірпішін бірге калайык!

